

«Сәуір» айы 2025 жыл

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
	<p>Дене шынықтыру</p>	<p>Негізгі қимылдар: Лактыру, домалату, қағып алу; заттардың арасымен доптарды, құрсауларды бір-біріне домалату; заттарды қашықтыққа лактыру (3,5–6,5 метрден кем емес), он және сол қолымен көлденен қойылған нысанаға (2–2,5 метр қашықтықтан), 1,5 метр қашықтықта тінінен қойылған (нысана орғасының биіктігі 1,5 метр) нысанаға лактыру; допты бір-біріне төменнен және бастан асыра лактыру (1,5 метр қашықтықта), қағып алу; допты кедергілер арқылы бастан асыра екі қолымен және бір қолымен лактыру (2 метр қашықтықтан); допты жоғары лактыру және екі қолымен қағып алу (қатарынан 3–4 рет).</p> <p>Жалпы дамытушы жаттығулар:</p> <p>Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеру (біруақытта, кезекпен), төмен түсіру, қолдарын арқасына апару; қолдарды төмен түсіру; белге қою, кеудетұсына қою; қолдарын алға-артқа сермеу; қолды иыққа қойып, шынтақтарын бүтіп, қолдарын айналдыру. Қолды алға созып, саусақтарды жұму және ашу, қолдың білектері айналыдыру. Қолды кеуденің алдына қою, желікете қою, иықтарды түзеп, екі жаққа бұрылу. Жаттығуларды заттармен және заттарсыз орындау.</p> <p>Кеудеге арналған жаттығулар:</p> <p>Отырған калыпта екі аяқты жоғары көтеру, бүту және жазу, төмен түсіру. Екі аяқты аяқастырып, отыру және тұру. Тізерлеп тұрып, алға еңкею және артқа шалқан, екі аяқты кезекбүту және жазу, көтеру және түсіру.</p> <p>Аяққа арналған жаттығулар:</p> <p>Аяқтың бақайларымен жіпті жинау, құм салынған қапшықтарды екі шелекпен қысып алып, бір орыннан екінші орынға қою. Өкшемен таяқтың, арқанның үстінен бір қырымен жүру.</p> <p>Ырғақтық жаттығулар: Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау.</p> <p>Спорттық жаттығулар: Велосипед тебу: екі немесе үш дөңгелекті велосипед тебу; онға, сонға бұрылу.</p> <p>Қимылды ойындар:</p> <p>Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік) дамыту. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. Доптармен, секіргіштермен, құрсаулармен ойындарда бағалардың белсенділігін дамыту.</p> <p>Дербес қимыл белсенділігі:</p> <p>Бағалардың доптармен, қозғалатын ойыншықтармен, құрсаулармен ойындарын қолдау, дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру. Бағаларды педагогпен бірге жаттығуларды орындауға, қимылды ойындарға қатысуға тарту. Бағалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, арғаға түсетін салмақты реттеу. Ауа-райының жағдайларын</p>

	<p>ескеріп, таза ауада балалардың қимылдарды орындауы үшін жағдайлар жасау.</p> <p>Сапауатты өмір салтын қалыптастыру:</p> <p>Балаларға адамның дене және сезім мүшелері, олардың аздадағы рөлі және оларды қалай қорғауға, күтуге болатыны туралы түсінік беру.</p> <p>Тамақтану тәртібін сақтаудың және көтеріңкілер мен жемістердің, дәрумендердің адам ағзасына пайдасы туралы түсінік беру.</p> <p>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары.</p> <p>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту.</p> <p>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру:</p> <p>Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қалағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәреханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту.</p> <p>Сауықтыру-шынықтыру шаралары.</p> <p>Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен, жылы күндері шөптің, құмның үстімен жалпаң аяқ жүру. Қимылдауға ыңғайлы, жеңіл киіммен желдетілген белдемде дене жаттығуларын орындау. Тыныс алу жолдарын шынықтыру</p>
<p>Сөйлеуді дамыту</p>	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</p> <p>Артикуляциялық жаттығулар жасауда атауларын айтады (инеше, төбешік, жалпақ тіл, кесе, сағат) Жанылтыпаштарды ақырын, жылдам айтуда сөз бен сөз тіркесін дұрыс айтады. Фонематикалық естуді дамыту: белгілі бір дыбыстан басталатын сөздерді есту арқылы ажыратып, атайды. (тық – тық тамшы, қыр – қырт құлыптың ашылуы)</p> <p>Сөздік қор.</p> <p>Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстарды атап, аталған заттардың қолданылу аясы туралы тәрбиешімен бірге талқылайды.</p> <p>Ересектердің мамандықтарын білдіретін зат есімдермен, еңбек әрекетін сипаттайды</p> <p>Заттар тобын білдіретін жалпылаушы сөздермен (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз), заттардың орналасқан жерін (сол, оң, қатар, жанында, арасында), тұрмыстық электротехника заттарының және ұлттық тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін және мағынасы қарамақарсы антоним сөздерді қолданады (көп-аз, үлкен -кіші, астында - үстінде)</p> <p>Қазак халқының қонақжайлылық дәстүрін қонақты күтіп алу, төрте отырғызу, «қонақ кәде», «сыбаға», ас қайыру, бата беру, қонақты шығарып салу дәстүрлерін атап, ажыратып, үлкендерді сыйлап, дастархан басында едегтілікті сақтайды.</p>

	<p>Тілдің грамматикалық құрылымы.</p> <p>Зат есімдерді жекеше және көпше түрде (қоян, қояндар), сан есімдерді ретімен атап (бірінші, екінші), оларды зат есімдермен септіктерде (қоян, қоянның, қоянға), жекеше және көпше түрде, (қоянның шөптері, қоянға шөп) зат есімдерді сын есімдермен байланыстырып(қоян қандай?), етістіктерді бұйрық райымен қолданады (отыр, жүр, жүгір).</p> <p>Байланыстырып сөйлеу.</p> <p>Бағаларзатты, суретті өз бетінше карап, сипаттап, бейтаныс заттар, құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты талқылайды. (ғаламшар, түлдің пайда болуы, досының жоғалуы)</p> <p>Ұбынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналайды.</p>		
<p>Көркем әдебиет</p>	<p>Бағалар ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдердегі мазмұн бойынша сұрақтарға жауап беріп, жана сөздерді талқылайды. (ерте дамыту сайтынан аудио записьтен алынады)</p> <p>Әдеби шығармалардағы әрекеттердің дамуын қадағалап, мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтайды, автор сөздерін айтты (деңгейі жоғары бала), кейіпкерлердің мінезін беріп, шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді, ересектермен бірге ертегі мен әңгіменің басын, соның ойдан құрастырады.</p> <p>Сахналық қойылымдарға қатысып, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнайды, образды бейнелеу үшін мәнерлік құралдарын (интонация, ым-ишара, қимыл) қолданады (суреттер визуикасы әдісі), еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдап, оларды басқа қырынан көрсетеді (қатыгез-мейрімді, әккөңіл-салмақты)</p>	<p>Тілдік дамытушы орта.</p> <p>Ұжымдық әңгімеге қатысуда, әңгімелесушінің сөзін бөлмей, кезекпен сөйлеп, бейнелеу құралдарын қолдана отырып, еркін ойындарда және сахналық қойылымдарда адамдар мен жануарлардың эмоционалды көңіл-күйін жеткізеді, сөйлесу барысында әңгімелесушінің назарын өзіне аудару үшін интонациямен сөйлеу мәнерін өз бетінше қолданады, түрлі бағалар әрекеттерінде өзінің және құрдастарының әрекетін түсіндіріп және дәлелдейді.</p> <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</p> <p>Артикуляциялық және дауыс ашпаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлейді (бізді қоршаған дыбыстар ойыны, рөлдерді сомдау)</p> <p>Сөздік қор.</p> <p>Қоршаған ортадағы заттар мен есімдіктердің, жануарлардың, құстардың, табиғат құбылыстарының, тұрмыстық заттардың атауларын атап, қажеттілігін айтады (жауқазын, шымшық, қарлығаш, қайығ, қарағай, тоназылтықш, кебеже, асадал)</p>	<p>Туыстық қарым-қатынасты («сінді», «наташы», «жиден», «бөле») білдіретін сөздерді ажыратады (Отбасы рөлдік сюжеттік ойын немесе нағашы ата әжеге көмек). Өзінің отбасы, отбасылық мерекелер, отбасындағы қызықты оқиғалар, салт-дәстүрлер туралы айтады.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы.</p>
<p>Қазақ тілі (оқыту басқа тілде жүргізілетін топтарда)</p>			

		<p>Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолданады. Егістіктің болымсыз түрін немесе есім сөздермен қолданылатын «емес» шылауын қолданады (ол менің бөлем емес, сінділім), үлгі бойынша жай, жайылма сөйлемдер құрастырып, өз ойын жеткізеді.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу.</p> <p>Қарым-қатынас барысында бағаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес хабарлы, лепті, бұйрықты сөйлемдермен жауап беруге, өз мен құрдастарының жауабындағы қателіктерді және жауаптың дұрыстығын ажырата білуге және дұрыс жауабын ұсынуда, бір-біріне неге, не үшін деген зерттеу сипатындағы сұрақтарды қоюға, бір-бірімен еркін диалог құруға, еркін талқылауға мүмкіндік беру.</p> <p>Бұрыннан таныс немесе бейтаныс ертергілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтады. ойыншықтар мен заттарды 4-5 сөйлеммен сипаттап, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табады.</p>
	<p>Математика негіздері</p>	<p>Жиын.</p> <p>Бағаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығын айтып, заттарды жұшпен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтайды.</p> <p>Сан, санау.</p> <p>Екі қатарда орналаасқан заттар тобын салыстырып, теңдік және теңсіздік ұғымын ажыратады. Тең ұғымын екі тәсілмен саны бойынша кем топқа бір затты қосу немесе артық топтан алып тастап, «қанша болды?», «қаншасы қалды?» сұрақтарына жауап береді.</p> <p>Шама.</p> <p>Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығын айтып, ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша екі затты салыстырып, екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданып, салыстыру нәтижелерін ұзын-қысқа, енді-енсіз, биік-ағаса, жуанжіншішке сын есімдермен белгілейді. Бірнеше затты өсу және кему ретімен орналастырып, салыстырады.</p> <p>Геометриялық фигуралар.</p> <p>Геометриялық пішіндерді көру және сипат сезу арқылы зерттеп, сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атайды (ұзындау-қысқалау, кендеу-тарлау, жоғары-төмен, қалың-жұқа немесе ұзындығы, ені, биіктігі, қалыңдығы бойынша тең).</p> <p>Кеністікті бағдарлау.</p> <p>Кеністік бағыттарын өзіне қатысты анықтайды, берілген бағытта қозғалу (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастырады, заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілейді (менің алдымда үстел, сол жағымда орындық тұр).</p> <p>Уақытты бағдарлау.</p> <p>Тәулік бөліктері (танертен, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері (танертен күннің ызғары, күндіз жылынуы т.б.) мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертен» туралы ұғымдарын ажыратады.</p>
<p>Қоршаған ортамен таныстыру</p>		<p>Жолда жүру ережелері.</p> <p>Көлік түрлерімен, жол түрлерін атап, жолда жүру ережелерін атап, ойын барысында қолданады.</p>

		<p>(казак пен орыс халкынын Үйлери, сандык, шкаф, матрешка, асык ойыны, билезик -brasлет, тумар - крест) Дөнгелек, сопак, шаршы, үшбұрыш пішіндегі казак оюларының элементтерін: «күс канаты», «бұршик», «кызғалдак», «кошкар мүйіз», «кой ізі», «күс тұмсык», «бота мойын», «ботакөз», «ирек», «су» суретін салып, элементтердің орналасу ретін, олардың арасындағы қашықтықты сақтайды. (жүкаяктарға «күстұмсык» себөбі?)(текемет, бөстек, адалбақан, әбдіре) 4 ойын</p> <p>Қоршаған заттар мен табиғат объектілерінің түстері мен renkтерін анықтайды. Қоныр, қызғылт сары, ашық жасыл renkтерін өздері шығарады (қажетті түсті шығару үшін бояуларды араластыру).</p> <p>Сурет салуда әртүрлі түстерді қолданып, көп түске назар аударып, пайдаланады.</p> <p>Сурет салуда еңкеймей, арканы тік ұстап, дұрыс еркін отыруға, жұмыс орнын таза ұстауға, ұқыпты болуға, қауіпсіздікті сақтайды.</p> <p>Ермеказ, сазбалшык, пластикалык кесектерден әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мүсіндеп, әртүрлі пішіндегі таныс заттарды өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, заттардың толық пішіні пайда болғанға дейін немесе жайылған пішінінің жиектерін ио, жеке бөліктерді тұтас бөліктен созып, майда бөлшектерді қысу сияқты тәсілдермен мүсіндейді. Мүсінделген заттың, фигуралардың бетін тегістейді.</p> <p>Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеп, оларды орналастырып, пропорцияларды сақтап, бөліктерді біріктіреді.</p> <p>Мүсіндеуде қысу, тарту, бауу әдістерін қолданады. Кескіштің көмегімен жасалған бұйымды безендіреді</p> <p>Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құрастырып, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөліседі (мысалы «Үйшік» ертегісінен аюды, мен тышқанды)</p> <p>Қазак халкының тұрмыстык заттарын атап, (сандык, сандыққал, ағаштөсек, кебеже, әбдіре) оларды мүсіндейді. Дайын мүсінді дөнгелек, сопак, шаршы, үшбұрыш пішіндегі казак оюларының элементтерімен безендіреді.</p>
	<p>Жапсыру</p>	<p>Түзу сызык бойымен алдымен қысқа, кейін ұзын жолақтарды қиып, берілген тақырыпқа сай құрастырып, жапсырады.</p> <p>Текшеден дөнгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қиып алып, бұл тәсілді жемістерді, көгеністерді, гүлдерді, оюларды кинода қолданады.</p> <p>Тар жолақтарды көлденеңінен қиып, шаршының бұрыштарын киноды. Одан шыққан бейнені құрастырып, жапсырады.</p> <p>Дайын пішіндерден жануарлар, құстар, гүлдердің пішінін қиып және ол заттарды қатаз бетіне орналастырады. Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескереді. Алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдейді, ұсақ бөліктерін ересектердің көмегімен желімдейді. Қазак халкының сәндік-қолданбалы өнерімен, киіз үй оның жабдықтарымен, сандык, кебежемен, коржынды атап, құрастырады.</p> <p>Геометриялык пішіндерден, өсімдіктерден әзірленген ою-өрнектерді жолаққа бірізділігін ескере отырып, жапсырады. (тақия, текемет, шапан, сандык)</p> <p>Элементтердің ретін, олардың арасындағы арақашықтықты сақтауды, пішінін ескере отырып, ұлттық ою-</p>

	<p>Өлі табиғат құбылыстары мен заттары</p> <p>Өлі табиғат құбылыстарын атайды және ажыратады. (Жел,жанбыр,тұман) Бақылау күнтізбесінде ауа-райын белгілейді(суық, жылы, жанбыр жауды, жел соқты, күн шуақты)соған сәйкес киеді. (шалбар, көйлек, жейде, кеудеше, жемпір) Өсімдіктер әлемі. Өсімдіктерді ажыратып атайды(бөлім өсімдіктері), оларға күтім жасайды (жерді копсыту, суару, жапырақтардың шанын сүрту). Өсімдіктердің өсуі үшін жер, топырақ, су, күн, жарық, ылғал, жылуудың қажеттілігін түсіндіреді</p> <p>Жануарлар әлемі. Төрт түлік және оның төлдері ажыратып атайды (сыыр-бұзау, қой-қозы, жылқы-құлдың, түйе-бота, мысық-мартау, ит-күшік) мінезіндегі ерекшеліктері, қозғалысы, қоректенуі, адамдарға пайдасы, оларға күтім жасаудағы ересектердің еңбегі туралы әңгімелейді.</p> <p>Бағалардың жалпы қабылданған мінез-құлық ережелері мен нормаларын меңгеруіне ықпал ету. қоғамдық көліктегі мінез-құлық мәдениетінің ережелерін айтады. Ойын барысында мінез-құлық мәдениетінің және айналасындағылармен әдепті қарым - қатынас құрайды</p>
<p>Құрастыру</p>	<p>құрылыс бөлшектерін ажыратады және атайды, (текше, пластинна, кірпіш, блок.)оларды құрылымдық қасиеттерін ескере отырып пайдаланады; заттарды өз бетінше сапасы, көлемі мен пішіні бойынша тандайды; құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеністікте орналасуын айқындайды. дайын құрылыспен түрлі ойындар ойнайды;</p> <p>Қағаздан құрастыру. қағаз паратын түрлендіреді; бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастырады; «оригами» үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастырады;(бақа, ит, құс)</p>
<p>Сурет салу</p>	<p>Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру. қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен, (киіз үй бұйымдары) тұрмыстық заттарын, (күбі, тостаған, астау) олардың қандай материалдан жасалғанын айтады Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен (ертұрман, киіз үйдің жабықтары, әшекей бұйымдары) (ертұрман - ерлерге арналған жеңіл, ықшам, көбінесе мүйіз, сүйекпен, әшекейленеді, оның қажеттілігін түсіндіру.) табиғи (мақта, дәннің түрлері) және қалдық заттардан (қақпақтың түрлері, кір қыстырғыштыры) құрастырады; заттарды өз бетінше тандап, ойдан композиция құрастырады;</p>
	<p>Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салып, арақатынастың сақтайды. Қазақ халқының және басқа халықтардың өнер туындыларына, киіз үйге, оның жабықтарына, тұрмыстық заттарға, ойыншықтарға, сәндік-қолданбалы өнерге атап, бір – бірінен ажыратып, ерекшелігін түсіндіреді</p>

	<p>өрнекті қолданып, тұрмыстық заттарды, ыдыстарды безендіреді</p> <p>Ұжымдық сюжетті композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиып немесе өз бетінше ойдан қиып жапсырады, жұмыс барысында ережені сақтайды</p>
<p>Музыка</p>	<p>Музыканы тыңдау: Түрлі сипаттағы музыкаға эмоционалды әсер етуді, музыкалық шығармалардан тұндаған сезімдерді жеткізе білуді дамыту.</p> <p>Музыкалық шығармалардың табиғатын адамдардың бейнелерімен, көңіл-күймен байланыстыра білу дағдыларын бекіту.</p> <p>Ән айту: Мәтінге байланысты бейне қимылдарын, әннің көңілді көңіл-күйін жеткізу үшін оларды музыка ырғағымен үйлестіруге тырысу. Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеусіз ән айтуды үйрену (жетекші көмегімен).</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Вальс ырғағымен аяқтың «шарларында» жұмсақ қадамдармен қозғалу қабілетін бекіту. Балалардың ырғақты бауу жұру қимылдарында, теңселуде, қолдың жұмсақ қимылдарында музыканың табиғатын бейнелеу қабілетін дамыту.</p> <p>Ойындар, хороводтар: Эстетикалық талғамды, тұрақты қызығушылықты және ойындарға, әндерге және хоровод билерде жауапкершілік сезімдерін тәрбиелеу. Хороводтық биле ән айтумен қимылдарды үйлестіру.</p> <p>Билер: ырғақ сезімін дамытуды жалғастыру, музыкамен мінезді қимылдау қабілетін шыңдау.</p> <p>Музыканың екі бөлімді формасының қарама-қарсы көңіл-күйін қимыл-қозғалыспен көрсетуді үйрену: қуаныш, шаттық, қайғы т.б, естіген әуенді қуанышты шеруде және еркін шығармашылық биле бейнелеу.</p> <p>Балалардың музыкалық аспаптарында ойнауы: Балаларды өздері ойнайтын музыкалық шығармалардың ырғақтық ерекшеліктерін дәл ойнауға ынталандыру арқылы музыкалық ырғақ сезімін дамыту. Шығармашылық қиялын, музыкалық қабілетін дамыту.</p>